



№ 16 (1609)  
17 мамыр  
2016 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## «МӘНГІЛІК ЕЛ» СТУДЕНЧЕСКОГО КАМПУСА

В этом году мы отмечаем 25-летие со дня Независимости Казахстана и 1000-летие Алматы, по праву считающегося золотой колыбелью независимости нашего государства. Настоящее и будущее нашей Родины – это осуществление национальной идеи «Мәңгілік Ел» первого Президента – Лидера нации Нурсултана Абишевича Назарбаева. Вот уже на протяжении шести лет эта идея «обрастает» своим созидательным содержанием, уточняются ее грани, она нашла понимание в обществе.

В честь празднования значимых государственных событий – 25-летия Независимости Казахстана и 1000-летия Алматы – сообществом преподавателей, студентов и выпускников КазНУ выдвинута идея создания на территории студенческого кампуса архитектурного комплекса «Мәңгілік Ел». Его художественный дизайн призван объединить в себе древние восточные каноны и исторические национальные образы с современными реалиями, в которых казахстанский народ реализовал многовековую мечту о Независимости и суверенитете своей страны.

Продолжение на 3 стр.

## КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАНДАНДЫ

Күнтізбелік Жаңа жыл туғаннан бастап жоғары оқу орындарында атқарылатын маңызды істердің бірі – мектеп бітірушілерді түрлі мамандықтар бойынша жоғары білім алу үшін университетке түсуге жұмылдыру. Механика-математика факультетінде осындай жұмыстар жақсы жолға қойылған. Жыл бойы салалық физика-математикалық бағытта білім беретін арнайы мектептерді аралап келген оқытушы-профессорларымыз енді мехмат қабырғасында орын алған түрлі олимпиадалар мен ғылыми жарыстарды ұйымдастырып, өткізуге де белсене араласуда.

ҚР Білім және ғылым министрлігімен, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп академик Ө.А. Жолдасбековтің 85 жылдығына орай ғалымның атындағы ғылыми жобалар байқауын өткізуден басталған наурыз айында факультет деканы, физ.-мат.ғ.д., профессор М.Ә. Бектемесовтің жетекшілігімен жүзеге асқан кәсіби бағдарлау жұмыстарының бір парасы келесідей.

Жалғасы 4-бетте

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми кітапханасында Тұңғыш Президент оқу залы ашылды. Мұндай залдың еліміздің үздік жоғары оқу орны қабырғасында ашылуы үлкен тәрбиелік мәнге ие, себебі Қазақстанның Тұңғыш Президентінің өмір жолы Отанға шексіз қызмет етудің жарқын көрінісі және жас ұрпақ үшін патриоттықтың нағыз үлгісі болып табылады.

## ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ОҚУ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ



Қазақстан Тұңғыш Президентінің оқу залы көпшілік оқырман қауымға арналып ашылған. Бұл – басында ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұрған Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен нығаю тарихы бойынша ақпараттық қорды құру, үнемі толықтырып отыру және сақтауды жүзеге асыратын ерекше ағартушылық орталығы. Қазақстан халқының өмір сүру сапасы мен стандарттарының жоғарылауы, еліміздегі ынтымақтастық пен келісім, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам негізін қалау, экономикалық серпіліс пен Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру жетістіктерін қазақстандықтар Елбасы есімімен байланыстырады.

Зал қорының негізгі дереккөздерінің бірі – Президенттің жеке кітаптары мен ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарына арналған

тарихи зерттеулерден тұратын материалдар. Мұнда Нұрсұлтан Назарбаев, оның отбасы, оқушы және студенттік кезеңдері, еңбек жолы және қоғамдық-саяси қызметтері туралы суреттер, картиналар, архивтік құжаттардың көшірмелері, кітаптар, шығармалар мен видеофильмдер де кеңінен ұсынылған. Сонымен қатар, қордан Президенттің өзі құрметті профессоры болып табылатын ҚазҰУ ұжымына арналған құттықтау хаттарымен және жолдауларымен де танысуға болады. Студенттер мен ғалымдар, әсіресе, Мемлекет басшысының ҚазҰУ-да және басқа да ЖОО-ларда оқыған дәрістеріне ерекше қызығушылық танытады. ҚР Тұңғыш Президенті кітапханасымен орнатылған ынтымақтастық нәтижесінде зал оқырмандарына оның санаулы материалдары да қолжетімді.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

### БҮГІНГІ САНДА:

ДАРЫ МУЗЕЮ  
АЛЬ-ФАРАБИ



2-стр.

АКАДЕМИЧЕСКАЯ  
МОБИЛЬНОСТЬ КАК  
ФАКТОР УСПЕХА



4-стр.

БІЛІМНІҢ ТЕРЕҢІНЕ  
АҚЫЛДЫҢ БИГІНЕН  
ҚАРАЙТЫН ҚАСИЕТТІ ҚАРА  
ШАҢЫРАҚ



7-бет

РЕКТОРАТ

# Талапкер таңдауы – ҚазҰУ

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Мамыр айында өткен кезекті ректорат отырысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы кәсіби бағдар беру қызметі мен университетімізде дәстүрлі түрде атап өтілетін «Түлектер күнінің» жоспары талқыланды. Ректорат мүшелері қатысқан жиынды оқу ордамыздың бірінші проректоры Мұхамбетқали Мырзабайұлы ашты.



Алдымен мінбеге «Талапкер» кәсіби бағдар беру орталығының директоры Дана Рахымбетқызы көтерілді. Университеттің кәсіби бағдар беру қызметі жайында хабарлама жасаған ол: «Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу үш сатыдан тұрады. Бірінші – дайындық сатысы – қыркүйек-желтоқсан айлары, негізгі жұмыс сатысы – қаңтар-сәуір айлары, қорытынды сатысы – мамыр-тамыз айлары аралығында өткізіледі. Осы сатылар бойынша қазіргі таңда орталықта көптеген жұмыстар атқарылуда. Тоқтала кетсем, «Талапкер» орталығы «XXI ғасырдағы білім мен ғылым», «Білім және мансап», «Алматы – білім көкжиегі» атты көрмелерге қатысып, республикалық деңгейлерде өткізілген мектепшілік форумдарға атсалысты. Жыл сайын кең көлемде өткізілетін «Әл-Фараби» олимпиадасын жоғары деңгейде өткізді. Сонымен қатар қазіргі таңда біздің ұжым талапкерлерді қабылдау жөнінде

міндеттелген жұмыстарға белсене кірісіп кетті», – дей келе, орталық мектеп жасындағы талапты жастармен тығыз қарым-қатынаста екендігін ерекше атап өтті.  
Ал ҚазҰУ-дың Түлектер күніне дайындығын хабардар ету мақсатында көпшілік алдына әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы шықты. «ҚазҰУ-да жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін Түлектер күні биылғы жылы мамыр айының соңғы сенбісі 28 мамырға жоспарланып отыр. Аталмыш мейрам ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдық мерейтойына арналуда. Тағы бір қуанышты жағдай, мереке тұсында Түлектер қауымдастығының қолдауымен студенттік қалашықтың сәулет құрылысын

жалғастыру мақсатында «Мәңгілік ел» триумфалды қақпасының алғашқы іргетасын қалауды көздеп отырмыз. Мейрам барысында үлгерімі жақсы, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан студенттерге ректор Ғ. Мұтанов атынан арнайы алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етіледі. Өнерпаз студенттер атынан гала-концерт ұйымдастырылады», – деп, проректор Түлектер күніне дайындықтың қызу жүріп жатқандығын жеткізді.  
Сондай-ақ ректорат барысында халықаралық қатынастар, филология және әлем тілдері, химия және химиялық технологиялар, тарих, археология және этнология факультеттерінің бірнеше студенттеріне арнайы шәкіртақылар тапсырылды.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

Филология және әлем тілдері факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері ұстаздарының бастамасымен «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында «Ақ үміт» балалар үйіндегі қайырымдылық жәрмеңкесіне қатысты.

Студенттер өлең оқып, ән айтып, би билеп, балалардың көңілдерін көтеруге барын салды. «Бір адам жаккан отқа мың адам жылынады» демекші, жастарымыздың қайырымдылыққа қадам басыуы, мейірімділікке толы жақсы іске ұмтылуы көңіл қуантады. Қайырымдылық пен ізгілікке байланысты Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Тәуелсіздік баян ету – ансар мұратымыз, өтпелі шақтағы қиындықты жеңу – азаматтық міндетіміз, ал тұрмысы төмен азаматтарға, ата-аналарының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету – адамгершілік парызымыз», – деген болатын. Еңсемізді биіктетер игі істер қашанда жалғасын тауып, ата-бабамыздан келе жатқан жомарттық болашақта да өз қадірін жоймасын!

Гүлжан БОЛАТОВА,  
қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының доценті

\*\*\*

Химия және химиялық технология факультетінде жакында «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында «Тарихта аты қалған ғашықтарды білесіз бе?» атты сахналық көріністер байқауы өтті.

Сахналық көріністер арқылы студенттерді қазақ әдебиетінің қыр-сырына қанықтыру, әдебиетпен жақындастыруды мақсат еткен байқауды өткізу факультетте дәстүрге айналған.

Ерекше айта кететін көрініс – Мұхтар Әуезовтің «Сырым мен Қарағөз» пьесасынан қойылды. Осы пьесаны орындауда БЗХТ-208К тобы ертеректе бас бостандығына жете алмай, ескі ғұрыптардың құрбаны болған жастардың тағдырын шеберлікпен көрсетті.

Дана АРТЫҚОВА,  
аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының аға оқытушысы

\*\*\*

Философия және саясаттану факультеті әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұйымдастыруымен «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында «Махаббат бекеті» атты кафедралық студенттер сайысы өтті.

Сайыс түрінде өткен әсерлі кеш байқауға қатысқан жұптардың өздерін дайындаған бейнебаяндары арқылы таныстырумен басталып, «Махаббатты дәлелдеу» деп аталатын екінші бөлімде қазіргі заманауи жастардың өз махаббат сезімдерін креативті көрсетумен жалғасын тапса, «Өнерің болса, қанекей!» деп аталатын соңғы кезеңде жұптардың тамаша өнерлеріне тәнті болдық.

«Махаббат – бұл әлемді өзіне бағындырған ұлы күш» демекші, мұндай әсерлі кештің көрермендер тарапынан да қызығушылыққа ие болғандығын айта кеткен жөн. Махаббат деген әлемдегі ең әдемі нәзік сезім. Сезімдеріңіз әрдайым пәк, әрі шайнайы болуына тілектенсіз.

А.М. СҰЛТАНОВА,  
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушысы

\*\*\*

Жылдағы дәстүр бойынша информатика кафедрасының ұйымдастыруымен оқушылар мен студенттердің информатика ғылымына деген қызығушылығын арттыру, ғылыми-зерттеу дағдысын дамыту, информатика ғылымын насихаттау мақсатында ҚазҰУ-дың жастар интернет орталығында ЖОО студенттері арасында информатикадан республикалық пәндік олимпиада және программалаудан АСМ форматы бойынша студенттер мен оқушылар арасында Mech-Math Open 2016 ашық турнирі өтті.

Білім сайысында еліміздің 14 облысы мен Алматы, Астана, қалалары мектептерінің оқушылары мен ЖОО студенттерінен құралған 70-тен астам команда мен 60-тан астам жеке қатысушылар бақ сынады.

Аршын АЛТЫБАЙ,  
информатика кафедрасы

## КАЗНУ – УЧАСТНИК ПРОЕКТА ВОМКА

КАЗНУ является первым и единственным университетом в Казахстане, вовлеченным в международный проект ВОМКА, проводимый под эгидой Европейского Союза и реализуемый Программой развития ООН.

Программа была запущена в 2003 году после подписания Соглашения между Европейской Комиссией и Программой развития ООН (ПРООН). Сегодня запущена 9 стадия проекта, совокупный бюджет которой с 2016 по 2019 г.г. составляет 86 млн. евро. Целью данной программы является способствование тесного регионального сотрудничества как в рамках Центрально-азиатского региона, так и между ЦА и ЕС в сфере обеспечения безопасности государственных границ, миграционной и таможенной политики.

ВОМКА-9 взял направление на совершенствование подготовки специалистов в области таможенного дела, унификации учебных планов в соответствии со стандартами ВТО. КазНУ определен как базовый университет по унификации и составлению единых рамок по подготовке в данной сфере.

Вступление Казахстана в экономические коалиции выдвигает новые требования в знании правовых и экономических аспектов. Все эти проблемы должны получить решение в подготовке казахстанских таможенников, ответственность за качество которых теперь возложено на КазНУ.

А. Е. ЖАТКАНБАЕВА,  
М. Н. УМБЕТОВ

## Дары музею Аль-Фараби

В рамках III Международных фарабиевских чтений «Аль-Фараби и современность» музей посетили известные зарубежные и казахстанские общественно-политические деятели, ученые.



Особым событием для музея стала церемония дарения музею Аль-Фараби священной книги – Коран. Этот ценный подарок преподнес ученый-востоковед, доктор филологических наук, профессор Абсаттар Кажы Дербисали. Книга удостоена почетного места среди экспонатов музейной коллекции и помещена в центральной установке «Жан Нуры». Абсаттар Кажы Дербисали также подарил такие свои труды, как: «Руханият және өркениет» (Зерттеулер мен мақалалар); «Қауам ад-дин әл-Итқали (Икани) әл-Фараби ат-Түркістан» (1286-1357). Өмір мен мұрасы». Абсаттар Кажы Дербисали является одним из активных фондообразователей музея университета, в экспозициях которого собраны книги из личной библиотеки ученого.

Список зарубежных фондообразователей музея Аль-Фараби возглавляет ученый из Турции Бекир Карлыга – автор издания «Аль-Фараби – философ цивилизации», переведенного на казахский и русский языки кафедрой Тюркской и Центром Аль-Фараби. Примечательно также факт участия КазНУ в ее опубликовании в издательстве «Қазақ университеті».

Достоинством музея является уникальная коллекция книжного собрания, отражающего многогранное наследие мыслителя Аль-Фараби. Недавно она пополнилась книгами, изданными в 2014 году Международным клубом Абая при участии ученых-фарабиеведов КазНУ:

«Абу Наср аль-Фараби. Добродетельный город»; «Абу Наср аль-Фараби. Книга о музыке»; «Бақыт туралы кітап: Таңдамалы трактаттар»; «Abu Nasr Al-Farabi. The book of mind» (Описание жизни Абу Наср аль-Фараби); «Книга о разуме» (Жизнеописание аль-Фараби); «Книга об аль-Фараби»; «Әбу Наср Әл-Фараби Қайырымды қала»; Әлімжан Әнуар «Ұстаздың оралуы» (Романмен мен повестер); Ақжан Әл-Машани «Болмыспен бетпе бет»; Ғ. Мутанов, К.Х. Таджикова и др. «Аль-Фараби и современность»; К.Х. Таджикова «Книга букв»; Ж.А. Алтаев, Ж.А. Әмірқұлов. «Әл-Фараби және ислам философиясы»; А.Х. Қасымжанов. «Пространство и время великих традиций» и т.д.

Музейная коллекция также обогатилась печатными изданиями и материалами о жизни и творчестве Аль-Фараби, привезенными из Турции и Ирана, что свидетельствует о неугасаемом интересе всего мира к наследию великого ученого: «Farabi Ilimlerini Sayimi»; «Al-Farabi founder of islamis neoplantist»; «Al-Farabi philosophy of plato and aristotle» и т.д.

Музей Аль-Фараби видит свою миссию в сохранении и приумножении его наследия, распространении «картины мира» философа среди молодого поколения.

Т.Л. ТАЖИБАЕВА,  
директор музея;  
Б.А. АМИРЖАНОВА,  
ст. хранитель


# «МӘНГІЛІК ЕЛ» СТУДЕНЧЕСКОГО КАМПУСА

Продолжение. Начало на 1 стр.

Ключевыми композиционными блоками комплекса станут одноименная Триумфальная арка студентов и выпускников, монументальная композиция «Темір Қазық» и площадь с фонтаном «Тай қазан» у Центра обслуживания студентов «Керемет». Другими словами, комплекс «Мәңгілік Ел» начнется с улицы Тимирязева и протянется до проспекта Аль-Фараби.

Данный проект вызвал большой положительный резонанс в широких кругах выпускников, которые выразили желание осуществить строительство комплекса на основе добровольных взносов.

Символично, что первый взнос внесли выпускники 90 годов выпуска исторического факультета, получившие дипломы КазНУ на заре независимости нашего государства. Это — меценаты из Лондона — главный исполнительный директор «EQUUS Petroleum Plc» Мурат Сейдалиевич Иманкулов и исполнительный директор этой же



компания Байкадам Аманович Абласанов. Они буквально на днях посетили альма-матер, были поражены достижениями и изменениями в родном университете, красотой и чистотой КазГУграда, размахом нового строительства. Миллионный чек в тенге также дали выпускники 1996 года

выпуска юридического факультета.

В традиционный День выпускника КазНУ, а именно 28 мая текущего года, будет заложен первый камень и капсула в фундамент Триумфальной арки студентов и выпускников «Мәңгілік ел». Мы ожидаем участие в закладке первого

каменя и капсулы Председателя Верховного Суда Республики Казахстан, президента Ассоциации выпускников КазНУ, доктора юридических наук, профессора, выпускника юридического факультета 1981 года Кайрата Абдразакулы Мами.

Учитывая важную государственную и общественную значимость архитектурных объектов в решении задачи формирования исторического самосознания и воспитания патриотизма, призываем преподавателей и сотрудников, студентов и магистрантов, докторантов и выпускников КазНУ по мере своих возможностей принять активное участие в возведении архитектурного комплекса «Мәңгілік Ел».

Вспомните, каждый из нас мечтал учиться непременно в КазНУ, а жить и работать в Алматы. Наш Университет и КазГУград — это тоже «Мәңгілік Ел». Наша альма-матер для всех нас — это малая Родина. Это наша судьба и вечность созидательной жизни.

**Кулгазира БАЛТАБАЕВА,**  
исполнительный директор  
Ассоциации выпускников КазНУ,  
кандидат исторических наук

## СТУДЕНТТІК ҮЙІРМЕ

ҚазҰУ-дың заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының «Сарапшы-криминалист» студенттік үйірмесі студенттердің білімге деген құштарлығын арттыру мақсатында жұмыс істеп келеді.

Құрылғанына 2 жыл болған үйірме мүшелерінің саны жыл сайын өсуде. Үйірмеде студенттер арасында пікір-сайыстар, даулы мәселелер талқыланып, өз шешімдерін табуға. Осы үйірменің мүшелері жақында «Криминалистиканың үздіктері» атты республикалық жарысқа қатысып, жоғары білімдерін көрсете білді. Бұл жарыста ҚазҰУ студенттері екі жыл қатарынан 1 орынды иеленіп келеді. Бұл да біз үшін үлкен жетістіктердің бірі болып саналады.

Келесі оқу жылында «Криминалистиканың үздіктері» атты республикалық деңгейдегі байқауды мемлекеттік деңгейде құқықтық олимпиада ретінде өткізу жоспарланып отыр. Үйірме құрамындағы ҚазҰУ студенттері белсенді жұмыс істеп, қашанда алдыңғы қатардан көрінуді міндет санайды. Өз білімін сынап көргісі келетін студенттерге есігіміз әрдайым ашық.

**С.Ш. ДАУБАСОВА,**  
«Сарапшы-криминалист» студенттік  
үйірмесінің жетекшісі

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ

Елімізде 18 мамыр – Халықаралық музей күні. Жыл сайын дүниежүзі халықтары осы күнді өздерінің кәсіби мерекелері ретінде атап өтеді. Мереке – Халықаралық музейлер кеңесі 11-ші Бас ассамблеясының шешімімен 1977-ші жылы бекітілген болатын. Осы айтулы күнді 1978 жылдан бастап жыл сайын әлемнің 150-ден астам елі тойлап, барлық музейлер ашық есік күнін өткізеді.

Біздің елімізде бұл шара 2006 жылдан бастап өткізіліп келеді. Әсіресе, бұл шараның университетіміздің тарих, археология және этнология факультетінің «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығында оқып жатқан студенттерге берері мол. Жыл сайын факультетіміздің оқытушылар құрамы мен студенттері оған белсене қатысып, музей туралы көптеген мәліметтер алады. Мамандардың шығармашылық дамуына үлкен серпін беретін ірі мәдени оқиға болғандықтан, келушілердің музейге қызығушылығы

артады. Негізі «Музей түні» жобасының негізгі мақсаты – еліміздің негізгі мәдени-білімінің ошағы және белсенді әлеуметтік-мәдени мекеме ретінде жұртшылықтың назарын музейге аударту, тарихи-мәдени мұраларға арналған бірегей шаралар мен бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы музейдің беделін арттыру дейді», – Мемлекеттік орталық музейінің мәдени-білім жұмыстары орталығының жетекшісі А. Кушенко.

Біраз жылдан бері факультетіміз ҚР Мемлекеттік орталық музейімен тығыз қарым-қатынас жасауда. «Музей ісі және тарихи ескерткіштерді қорғау» мамандығының бакалаврлары мен магистранттары келісім-шарт арқылы осы жерде іс-тәжірибеден өтіп жатыр. Сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік орталық музейде мамандықтарына байланысты көптеген дәріс, семинар тыңдайды. Әсіресе, осы «Музей түні» аясында көрмелер, шеберлік сабақтары, шоу бағдарламалар, кино көрсетілімдер, концерт және тағы басқа да іс-шаралар өткізіледі. Сондай-ақ жыл

сайын бағдарламалар жанартылып, әртүрлі қызықты іс-шаралармен толықтырылып отырады.

Атап өтерлігі, соңғы кезде музей түнін ұйымдастырушылар тарихи экспозицияларды образдық қойылымдармен «тірілтуді» алдарына мақсат етіп қойып жүр. Әр музей түнінде ежелгі замандардағы тарихи дәуірлердің кейіпкерлеріне жан бітіп, бүгінгі замана жұртымен қауышып жүзеседі дейді музей қызметкерлері. Бұл музей қызметкерлерінің – археолог, этнограф, тарихшылардың мерекеге қосқан сүбелі өзіндік «қолтаңбасы».

Қазіргі таңда музей тарихи ескерткіштерді сақтай және қорғай отырып білім береді және тәрбие жұмысын атқарады.

**Б.Ш. СОЛТІЕВА,**  
**А.Қ. БЕЙСЕГУЛОВА,**  
«Музей ісі және ескерткіштерді қорғау»  
мамандығының куратор-эдвайзерлері

**ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және Алматы қаласының 1000 жылдық мерейтойына орай ҚазҰУ оқытушылары, студенттері мен түлектерінің идеясымен қалашықта «Мәңгілік Ел» сәулет кешені салынбақ**

# АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ КАК ФАКТОР УСПЕХА

**Сегодня Казахстану нужны современные молодые специалисты, конкурентоспособные на отечественном и международном рынке труда, мобильные, способные активно интегрироваться в процесс интенсивного экономического, образовательного, информационного и культурного обмена. В подготовке таких специалистов важная роль отводится международному сотрудничеству и академическому взаимодействию между вузами.**



академической мобильности активно участвуют и преподаватели кафедры. Преимущественным способом осуществления академической мобильности преподавателей является командирование их в партнерские вузы и организации для чтения лекций, реализации совместных научно-исследовательских проектов, участия в программах повышения квалификации, в конференциях, конгрессах, круглых столах и семинарах.

На сегодняшний день 5 преподавателей повысили свою квалификацию в рамках международной стипендии «Болашак». Они были направлены в Великобританию и США. Эффективность их поездок заключается не только в повышении квалификации, но также обмену опытом и развитии научных интересов, направленных на повышение качества преподаваемых дисциплин, а также внедрения трехязычия в процесс обучения. Все они преподают учебные дисциплины на английском языке на всех трех уровнях специальности «Политология».

Академическая мобильность стала одним из важнейших показателей для международной аккредитации специальности. Образовательные программы аккредитованы не только в Казахстане, но и успешно прошли международную аккредитацию AQUIN на 2014-2019 г.г., что позволяет координировать перечень дисциплин, выбранных для обучения в принимающем вузе, и их трудоемкость в кредитах.

На кафедре политологии и политических технологий ежегодно иностранные профессора читают лекции и проводят научные консультации для магистрантов и докторантов кафедры: Синтия Каплан (Калифорнийский университет), Эльжбиета Матинья (университет New School For Social Research), Рафиз Абазов (Колумбийский университет),

Джоэл Дженсуолд (Оклахомский государственный университет), Салли Каммингс (Университет Сэнт-Эндрюса), Абрамова О. Д. (Российская академия государственной службы при Президенте РФ), Тадеуш Бодиа (Варшавский государственный университет) и другие.

К примеру, студентка 4 курса Перизат Алибаева в течение обучения в бакалавриате дважды выезжала по программе академической мобильности в Южную Корею и Польшу. «Мой первый опыт в качестве студента по обмену пришелся на второй год обучения. Поскольку часть дисциплин на отделении политологии я изучала на английском языке, то обучение за рубежом мне далось намного легче. В весеннем семестре, обучаясь в университете Индже (г. Пусан, Ю. Корея), я углубила свои знания по проблемам мирового политического процесса и политической модернизации, усовершенствовала английский. Важно отметить и жесткую конкуренцию между студентами, которая мотивирует к систематической учебе: на каждое занятие студенты приходят подготовленными, активно участвуют в дискуссии, а во время сессии днями и ночами напролет не покидают стен библиотеки».

Таким образом, академическая мобильность полезна для освоения профессии и к тому же дает увлекательный жизненный опыт обучения за рубежом. Такая направленность деятельности государства в сфере культуры и образования способствует формированию молодого поколения, которое во все времена считалось одним из ключевых факторов успешного развития национальной экономики и государства в целом.

**Н.А. САИТОВА,**  
доцент кафедры политологии  
и политических технологий,  
**П. АЛИБАЕВА,**  
ст. 4 курса отделения политологии

Жалғасы. Басы 1-бетте

## КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАНДАНДЫ

7-8 наурыз күндері ҚазҰУ тағы да «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп ұйымдастырған Халықаралық Азия-Тынық мұхиты елдері оқушыларының математикалық олимпиадасы (ХАТММО) мен Халықаралық «Жібек жолы» математикалық олимпиадасын (ХЖЖМО) өткізді. ХАТММО-ға бір мезгілде Аргентина, Австралия, АҚШ, Жапония, Индонезия, Канада, Корея, Қазақстан, Қырғызстан, Малайзия, Мексика, Ресей және т.б. отыздан аса елдің оқушылары, ал ХЖЖМО-ға Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан, Тәжікстан және т.б. елдердің 140-тан аса жас математиктері қатысты.

Аталған халықаралық математикалық олимпиадалар қашықтан жүзеге асырылады. Яғни, қатысушы елдердің жергілікті ұйымдастыру комитеттері тиісті үйлестіруші комитеттерден алдын ала есептердің шарттары мен бағалау критерийлерін алып, өз елдерінде бір мезгілде олимпиада өткізеді. Олимпиаданың мұндай түрі осындай айтулы халықаралық жарыстарға оқушылардың көптеп қатысуына мүмкіндік береді.

2003 жылдан бастап бұл олимпиадаларға Қазақстаннан жыл сайын 100-ден артық жас олимпиадашылар зор ынтамен қатысып жүр. Сондықтан ҚР Білім және ғылым министрлігінің ХАТММО мен ХЖЖМО-ны халықаралық олимпиадалардың ресми тізіміне енгізуі де, ал жеңімпаздардың еліміздің жоғары оқу орындарына берілетін білім гранттарын бірінші кезекте иемденуі де занды нәрсе.

Сондай-ақ 13 наурыз күні факультет Алматы қаласының №8 Оқушылар үйімен және Әл-Фараби олимпиадаға дайындау орталығымен бірлесіп, 37 халықаралық математикалық Қалалар турнирі Көктемгі турының күрделі үлгісін (базалық үлгі ақпан айының соңғы күнінде ұйымдастырылған еді) өткізді. Негізі бұл турнир аса демократиялық түрде, 4 тур етіп – екеуі күзде, екеуі көктемде – өткізіледі, әрбір оқушы кез келген турға еркін қатыса алады және қатысушысы өзі ен жақсы нәтижеге қол жеткізген (ол үшін барлық есепті шығару қажет емес, олардың тек үшеуін шешу жеткілікті) кез келген турдың нәтижесі бойынша жеңімпаз атануы мүмкін. Сондықтан Қалалар турнирі кең танымал – оған дүние жүзінің 100-ден аса қаласынан оқушылар қатысады. Алматы қаласында өткен олимпиаданың базалық үлгісіне 263 оқушы қатысып, онда О.Жәутіков атындағы РФММ, физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің, №134, №165 арнайы лицейлер мен Tamos Education жекеменшік физика-математика мектебінің оқушылары жақсы нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар, факультеттің әдіскер оқытушы-профессорлары «Достық» білім беру орталығы Алматы қаласына жинаған өзінің облыс орталықтарындағы бөлімшелерінде білімдерін жетілдіріп жүрген былғұлы «Алтын белгі» мен ерекше аттестаттан үміткер 200-ден аса үздік оқушылардың бір тобымен жүздесіп, факультет жайлы қызықты баяндап берді. Информатика мен математикаға қызығушылық танытқан 30-дан аса талапкер мехматтың белді оқытушылары – профессор Б.Бөрібаевтың, доценттер Д.Туралинаның, Қ.Иманбердиевтің, С.Айтжановтың, PhD докторлары Д.Рахимованың, А.Күнгожиннің, М.Түнғатарованың, аға оқытушылар А.Сәмбетбаева мен Г.Мирзахмедованың факультетте дайындық жүретін мамандықтар туралы әңгімелерін зейін қойып тындап, мектептен соң ҚазҰУ-да білім алуға ниет білдірді.

**Б.К. ӘБЕНОВ,**  
механика-математика факультетінің  
кәсіби бағдарлау жұмысына  
жауапты қызметкері

**Учившаяся в КазНУ им. аль-Фараби американка приготовила  
бешбармак в Портленде – #beshintheusa**

# Жетістікке толы 70 жас

**Мамыражай мамыр айының 20-жұлдызы күні экономика ғылымдарының докторы, профессор Бекет Қазбеков 70 жасқа толады.**



Бекет Қабдуұлы 1946 жылы 20 мамырда Арканың кербез сұлу – Көкшетауында дүниеге келген. 1972 жылы Қазақ политехникалық институтын тамамдады. 1986 жылы «Өнеркәсіп экономикасы» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын, 2004 жылы «Әлемдік экономика» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының (2009 ж.), «Еуразия» халықаралық экономикалық академиясының (2005 ж.) академигі.

Бекет Қабдуұлы – экономика мәселелерін зерттеу ісіне үлкен еңбек сіңірген ғалым. Оның айғағы – профессорлық еңбек жолы. ҚазССР мемлекеттік жоспарлау комитетінде (1974-1993 жж.), ҚР Ұлттық ғылым академиясының Экономика институтында (1993-1995 жж.), жекелеген жоғары оқу орындарында (1997-2006 жж.)

әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарған. 2006 жылдан бастап қазіргі кезге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университеті Экономика және бизнес жоғары мектебінің Қаржы кафедрасында профессор лауазымында.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан ұлттық экономикасының тұрақты дамуының жаһандануы контекстіндегі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету факторы ретіндегі нақты сектордағы тиімділікті арттырудың қаржылық механизмі және бағыты» (2007-2009 жж.), «Қазақстан Республикасы экономикасының энергетикалық секторының дамуын ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету (қалпына келетін энергия көздері, энергия сақтау)» (2012-2014 жж.) сынды ірі ғылыми жобаларға жетекшілік жасауы – өзіне тән қабілет-қарымы мен еңбекқорлығының арқасында экономика ғылымының терең қатпарларына қайтпай сүнгіп, шығармашылық зерденің үдемелі жолымен көптеген табыстарға жете білуінің дәлелі.

Ғылым және жоғары білім халықаралық академиясының (IASHE; Ұлыбритания) халықаралық ғылыми-сараптамалық

жобаларына сарапшы ретінде қатысып, ғылыми әріптестікте болуы да ғалым ізденісі мен табандылығының айғағы.

Профессор Б.К. Қазбеков – «Государственное регулирование экономики» (2011), «Принципы развития финансовой модели Казахстана в условиях глобализации» (2008), «Приоритеты национальной безопасности в условиях глобализации» (2006) тәрізді жалпы саны 200-ден астам ғылыми еңбектердің авторы.

Ғылым – асыл мұрат және ар-намыспен ғана кіруге болатын зәулім сарай десек, сол сарайдың кеңістігінде еркін самғаған экономика ғылымдарының докторы, профессор Б.Қазбеков тұлғасы біз үшін қашанда биікте.

Бекет Қабдуұлы, мерейлі жасыңыз құтты болсын! Мәртебеніз биіктеп, абыройыңыз асқақтап, еліңіз үшін еңбек етіп, экономика ғылымын асқақтата беріңіз!

**Б.Ж. ЕРМЕКБАЕВА,**

*ҚР еңбек сіңірген қайраткері,  
Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы*

## ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА



Еліміздегі «Үш тұғырлы тіл» идеясына сәйкес бүгінгі таңда білім беру жүйесінде қазақ, орыс және ағылшын тілдері өзара байланыста, толыққанды, жүйелі түрде оқытылып келеді. Мектеп қабырғасынан осы пәндерді оқыған түлектер жоғары оқу орнына келгенде білімдерін ары қарай тереңдету түсу үшін кәсіби мақсаттағы орыс тілі және ағылшын тілдерін меңгереді.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері де кәсіби мақсаттағы орыс тілі пәнін оқи отырып, болашақ мықты маман болуға дағдыланады. Ис-қағаздарды дұрыс жүргізу, сөйлеу мәдениеті, өз ойын әдеби тілмен еркін жеткізе білуді үйренген студенттер жұмыс орындарында әріптестерімен, серіктестерімен қарым-қатынаста еш қиындық көрмейтін деңгейде болады. Осындай дағдыларды бойымызда қалыптастыруға ат салысқан кәсіби мақсаттағы орыс тілі пәнінің оқытушысы – аға оқытушы Кенжеева Күләш Тұрарқызының еңбегін ерекше атап өткіміз келеді. Ол 1982 жылы сол уақыттағы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ды тамамдаған. Күләш Тұрарқызы – қара шаңырақ ҚазҰУ қабырғасында 30 жыл үзбей қызмет етіп, қазіргі таңда құрметті демалысқа шыққан ұлағатты ұстаз. Осынша жыл ішінде мыңдаған студенттерді тәрбиелеп, әрбір бітіруші түлектің жүрегінде орын алған жан. Оқытатын пәні мен тәрбиелік жұмысты қатар алып жүретін оқытушы – өз ісінің нағыз шебері, адал қызметімен ҚазҰУ-дың өркендеуіне үлес қосып жүрген құрметті қызметкер. Отыз жыл бойына тек білім берумен емес, ғылыми мақалалар жазумен, студенттермен тығыз қарым-қатынас орнатумен айналысқан ұстаз қазіргі уақытта оқытушылық қызметті жалғастырып келеді.

Бір жыл бізбен бірге жұмыс істеп, білімі мен тәжірибесін аямаған Күләш Тұрарқызы бізге кәсіби орыс тілін жоғары деңгейде үйретті. Болашақ маман ретінде қалыптасуымызға, тұлға ретінде жетілуімізге септесетін оқу материалдарымен қатар қосымша әдебиеттер беру арқылы тереңірек білім беруге тырысты. Сабақтан тыс уақытта театрға, мұражайға, көрмелерге оқытушымызбен бірге барып, мәдени өміріміз көптеген оқиғаларға толы болды. Ә. Қастеев атындағы мұражайға барып, түрлі суретшілердің туындыларымен танысып, алған әсерімізбен семинар аясында бөлістік. Н. Сац атындағы жас көрермендердің театрына барып, «Ромео мен Джульетта» қойылымын тамашалап, әлемдік танымал туындыны басқа қырынан тани білдік. Білім беру мен мәдени шараларды ұштастыра өткен, бірге өткізген бір жыл біз үшін үлкен әсерлер қалдырды.

Оқытатын әрбір студенттік топпен осындай жұмыстар жүргізетін Күләш Тұрарқызына біздің топтың атынан үлкен алғысымызды білдіреміз. ҚазҰУ осындай ұлағатты ұстаздарымен мақтанады деп ойлаймыз.

**К.К. РАХЫМЖАНОВА,**

*Экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенті*

«Хорошо пишет не тот, кто хорошо пишет, а тот, кто хорошо думает», - так считают профессиональные журналисты. Именно поэтому на факультете журналистики научно-исследовательской работе студентов уделяется особое внимание.

## ФОРМИРОВАНИЕ УСПЕШНОГО ПРОФЕССИОНАЛА



Одним из студенческих научных объединений кафедры ЮНЕСКО, международной журналистики и связей с общественностью факультета журналистики является студенческий научно-практический кружок «InterPress», ведущий свое начало с сентября 2011 года. За это время в работе кружка приняли участие около 150 студентов 2-4 курсов. Такая деятельность требует от учащихся применения исследовательских умений, которые, следовательно, необходимо специально формировать. Цель научно-практического студенческого кружка (НПСК) «InterPress» – помощь студентам в самостоятельном научном поиске и организационное обеспечение их научно-практической работы, творчество, образование и научно-исследовательская работа студентов, вовлечение в специализацию и т.д.

Занятия кружка приближены к практике руководства исследовательской деятельностью учащихся. Студенты получают возможность применения знаний, полученных на теоретических занятиях, в практике проведения научного исследования, процесс и результаты которого затем обсуждаются на кружковых занятиях и студенческих конференциях. За эти годы студенты, участвующие в работе кружка, выступали с докладами на Международном научном фестивале студенческих проектов, Международной научной студенческой конференции КазНУ, а также на конференциях, специализированных

конкурсах по PR-направлениям внутри и вне университета. Были опубликованы студенческие статьи в сборниках научных трудов, издаваемых КазНУ и кафедрой по итогам конференций, круглых столов.

Заседания кружка проходят в творческой атмосфере мастер-классов, на которые приглашаются практики-бизнесмены, практики-пиарщики, использующие в своей непосредственной работе новейшие технологии связей с общественностью. Было проведено 5 научно-практических конференций. В 2015 году студенты кружка «InterPress» провели консалтинговый проект с Казахским академическим театром для детей и юношества им. Г. Мусрепова, на факультете журналистики состоялась Неделя науки, в рамках которой прошли студенческие научно-практические конференции.

За счет такой модели обучения в рамках студенческого научного кружка «InterPress» в студентах воспитываются творчество, умение нарабатывать новое знание, выбирать наиболее оптимальный путь к достижению результата. При такой организации исследовательской работы студентов такой метод обучения станет в дальнейшем мощным элементом развития фундаментальной науки.

**М.Х. АРГЫНБАЕВА,**

*кандидат филологических наук,  
факультет журналистики*

**Еліне, жұртына өлшеусіз еңбек сіңірген ерлердің есімі ешқашан ұмытылмайтыны хақ.**

# Менің ұстаздарым

Мен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетінде басталған өмір жолымда әкелік қамқорлық көрсетіп, қолдау жасаған бір кісіні ерекше атағым келеді. Ол – қазақтың біртуар азаматы, нағыз зиялы, студенттер мен жастардың жанашыры Бірімжанов Батырбек Ахметұлы. Менің университет қабырғасында жас маман ретінде жұмыс жасауыма, Алжир Халықтық демократиялық республикасының Бумердес қаласындағы Мұнай, газ және химия институтында лаборант, оқытушы қызметтерін атқарып қайтуыма, Ресейдің М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің коллоидтық химия кафедрасында 1979-1980 жылдар аралығында ғылыми тағылымдамада болып, 1980-1983 жылдары кафедра аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқып, кандидаттық диссертация қорғауыма тікелей ықпал етті.

Бірімжанов Батырбек Ахметұлы – Қазақстанның көрнекті ғалым-химигі, Республика жоғары білімі мен ғылымының ірі ұйымдастырушысы, шығармашылықтың асқар шыңы іспеттес азамат. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-да Батырбек Ахметұлы ассистент, аға оқытушы (1940), доцент (1948), кафедра меңгерушісі (1954), профессор (1965) және 26 жылдай (1980 жылға дейін) химия факультетінің деканы қызметтерін абыроймен атқарды. 1970 жылы ол Үкімет қаулысымен Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясының мүшесі және Қазақ совет энциклопедиясының химия жөніндегі редакциялық кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. 1981 жылы жарық көрген химия саласындағы тұңғыш Қазақ энциклопедиялық сөздігінің редакторы болды. Б.А. Бірімжанов оқу-әдістемелік жұмыстарға да белсенді қатысты. Он жыл бойы (1963-1973 жж.) ол Қазақ КСР Білім министрлігінің химия жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңесін

басқарды, сонымен бірге Кеңестер одағы химиктерінің ұлттық комитеті (ИЮПАК) жанындағы жоғары білім мәселелері жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болды. Б.А. Бірімжановқа ғылымның ең жана жетістіктерін жіті қадағалап, өзі басқарған бейорганикалық химия кафедрасының ұжымын қазіргі заманғы ғылыми деңгейге бағыттап отыру қасиеттері тән болатын. Ол – ғылыми жұмыста кванттық-химиялық есептердің, сынақтардың математикалық жоспарлануының, нәтижелерді статистикалық өңдеуден өткізудің бастамашысы. Б.А. Бірімжанов ерітінділердегі бейорганикалық қосылымдарды белгілі бір бағытта алмастыру үшін иондалған сәулелендіруді және радиациялық химия әдістерін пайдалануға көп көңіл бөлді.

Сонымен қатар 1972 жылы химия факультетін аяқтауға байланысты «Хлорлы темірдің аминдермен әрекеттесіп, түзген кешенді қосылыстарының мөсбауэр эффекттерін зерттеу» тақырыбында дайындалған диплом жұмысыма жетекшілік жасаған техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, қышқылдар мен негіздердің жалпыламанған теориясының авторы Михаил Ильич Усанович пен химия ғылымдарының докторы, профессор Абланова Ермек Хасенқызы сынды білікті ұстаздарымды үлкен құрметпен еске аламын.

Менің ұстаздық жолда және ғылыми бағытта коллоидтық химияның жетістіктерін қоршаған ортаның мәселелерін шешу үшін пайдалануда маған ерекше қамқорлық жасаған Мұсабеков Қуанышбек Битуұлы болды.

Мұсабеков Қуанышбек Битуұлы химия ғылымдарының докторы, профессор, білім беру ісінің озаты, ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, коллоидшылардың Халықаралық (IACIS) ассоциациясының мүшесі, Англияның Корольдік химиялық қоғамының мүшесі. 1972-2000 жылдар аралығында коллоидтық химия және химиялық энзимология кафедрасының, 1972-2009 жылдары катализ, коллоидтық химия және мұнай кафедрасының меңгерушісі, қазіргі таңда осы кафедраның профессоры, 1987-1995 жылдар аралығында химия факультетінің деканы, ТМД елдерінде және алыс шетелдерде танымал болған Қазақстанның коллоидтық химия мектебінің негізін қалаушы. Қ.Б. Мұсабековтің бүкіл ғылыми және ұстаздық қызметі коллоидтық химия кафедрасымен байланысты болды. Ол ұзақ уақыт бойы – 1972 жылдан 2009 жылға дейін кафедраға табысты жетекшілік етті. 1984 жылы Қ.Б. Мұсабеков М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу нәзік химиялық технология институтының арнайы кеңесінде «Полиэлектролиттер мен беттік активті заттардың ассоциаттарын фазалық

беттерде пайдаланудың коллоидты-химиялық негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. 1986 жылы оған профессор деген атақ берілді. Профессор Қ.Б. Мұсабеков ғылыми мамандар даярлау ісіне айтарлықтай үлес қосуда. Оның жетекшілігімен 5 докторлық, 40-тан астам кандидаттық және 2 Phd диссертациялар қорғалды. Көптеген шәкірттері өздерінің диссертацияларын Мәскеу, Санкт-Петербург университеттері, Мәскеудің нәзік химиялық технология институты сияқты коллоидты химиялық ғылымының ірі орталықтарының Ғылыми кеңестерінде қорғады және қазіргі таңда республикамыздың жетекші ЖОО-сында, ҚР ҰҒА ғылыми орталықтарында, сондай-ақ шетелдерде табысты еңбек етуде. 1987-1995 жылдары химия факультетінің деканы қызметінде Қ.Б. Мұсабеков факультетте оқу-әдістемелік жұмысты қайта құруда, тәрбие жұмысының тиімділігін, іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелігін арттыруда біраз табыстарға жетті. Осы кезеңде ол химия бойынша Республикалық оқу-әдістемелік орталық, коллоидтық химиядан кандидаттық диссертациялар қорғау үшін арнайы кеңес ұйымдастырды. Қазіргі таңда профессор Қ.Б. Мұсабеков салған коллоидшылардың қазақстандық мектебі жоғары молекулалық беттік-активті заттардың коллоидтық химиясы саласындағы әркілі зерттеулерімен ТМД-да және одан да тысқары елдерде белгілі.

**КЕНЖЕБЕКОВ АҚЫЛБЕК КЕНЖЕБЕКҰЛЫ,**  
*С.М.Киров атындағы ҚазМУ,*  
*химия факультетінің 1972 жылғы түлегі*

*Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Аймақтық экологиялық зерттеулер» ғылыми зертханасының меңгерушісі, коллоидтық химия, қоршаған ортаны қорғау және жоғары білім саласына қатысты 200-ден аса баяндамалар тезистерінің, ғылыми мақалалардың, оқу және оқу-әдістемелік құралдардың, монографиялардың авторы, академиялық профессор, химия ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның «Экология» Халық академиясының корреспондент-мүшесі.*



## Түлектер - университет айнасы

**Әрбір адам баласының өмірінде сүйіспеншілікпен және жүрек жылуымен еске алатын ұмытылмас кезеңдер болады. Сондай қызықты кезеңнің бірі – университетте өткен жастық дәуір, жалынды жылдар...**

Кез келген университеттің мақтан тұтар азаматтары болады. Университеттің айнасы – түлектері. Университет ғылым, ғылыми жетістіктер және білім беру үрдісіндегі жетістіктермен қатар, өзінің үздік түлектерімен мақтанады. Түлектердің жетістігі – жоғары оқу орнының да жетістігі дер едім. Сондықтан өз туған университетін жүрегінде сақтаған түлектердің бірігуінде қайнар күш бар.

Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз түлектеріне мол білім қорымен қатар, аса маңызды ұзақ жылдарға, тіпті өмір бойына жалғасқан ыстық қарым-қатынас сыйлайды.

Университетіміз өзінің 80 жылдық тарихында сан мыңдаған түлектерді әртарапқа таратып үлгерді. ҚазҰУ



түлектері қоғамның барлық саласында қызмет етуде.

2013 жылы әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің Түлектер қауымдастығы құрылды. Бұл университет тарихындағы жана құбылыс болды.

Түлектер қауымдастығының президенті болып Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қайрат Мами тағайындалды.

ҚазҰУ Түлектерінің қауымдастығы – бұл қоғамдық бірлестік, ол университет студенттері, түлектері, оқытушы-профессорлық құрамы мен қызметкерлері арасындағы кәсіби байланыс пен қарым-қатынасты нығайтуға әрі дамытуға ықпал жасайды. Қауымдастықтың мақсаты – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің беделін арттыруға, университеттің жан-жақты дамуына ықпал жасауға ниетті адамдарды біріктіру, ғылым мен білім саласында университетімізге еңбек сіңірген қызметкерлерге, дарынды студенттерге және жас мамандарға қолдау көрсету, студенттер мен түлектердің жеткен нәтижесін насихаттау.

Осы ретте қасиетті қара шаңырақ – ҚазҰУ-дың заң факультетінің 1996 жылғы түлектері ретінде университеттің беделін нығайтуға өз үлесімізді қосуды міндет санаймыз.

**Сәбит ДАУБАСОВ,**  
*ҚазҰУ түлегі*

# БІЛІМНІҢ ТЕРЕҢІНЕ АҚЫЛДЫҢ БИГІНЕН ҚАРАЙТЫН ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢЫРАҚ

Францияның атақты шығыстанушы ғалымы Франсит Ришар адамзат өмірін өзгертіп, тіршілігін төңкеріп түсірген үш түрлі толқын туралы айтады. Бірінші, ауыл шаруашылық өркениеті, адамдар бірінші рет дәнді-дақылды қамбада сақтап, аштан өлмей, қыстан аман шыққанда дүние шыр айналды. Екінші, ХVIII ғасырда екінші толқын басталды. Ол – индустрия. Қаптаған завод, фабрика, манифактура, бу мен көліктің жеті атасы дүниені төңкеріп жіберді. ХІХ ғасырдың соңына қарай үшінші толқын басталды. Енді технологиямен бірге ақпараттық қоғам басталды. Санаулы секундта хабар беретін аппараттар жетіле бастады. Артынша радио, ТВ, ғарыш, интернет бұрқ ете қалды. Үшінші толқын әлемді адам танымастай өзгертті. Сонымен бірге адамдардың сана сезімі мен ақыл-ойлары да түбегейлі өзгерді. Енді төртінші толқын басталады. Өркениетті елдер адам жаны сезілмейтін барлық нәрседен мезі болды. Олар енді ата-бабасынан мирасқа қалған барлық құндылықтарды жинап теріп түгендеумен әуре болып жатыр. Әсіресе, көне кітаптарды оқып, аударып, айналымға қайта салу ісі алға шығып келеді. Ол кітаптарда ақылды адамдардың жаны мен көңіл-күйі, ғылымға деген адалдығы, рухани ілімге деген махаббаты сақталып қалған. Енді төртінші толқын ұрғанда, ата-бабасынан мирасқа қалған рухани мұраларға иелік еткен елдер ғана ендігі өркениеттің көшіне ілесе алады, – дейді.



жақсы таныс емес студенттер кейбір оқытушылар үшін Фариза апамызды тану кезеңі енді басталғандай болды. Барлық қатысушылар Фариза апамыздың шығармасымен қайтадан танысуға, өлең кітаптарын сатып алып оқуға шабыт алып қайтты. Осындай іс-шараның рухани дамып жетілуімізге, санамызда рухани сілкініс туғызатынына қаншалықты жәрдемі болатынына тағы бір мәрте көзімді жеткізгендей болды. Бұл – «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында өткен жүз немесе мың іс-шараның біреуі ғана. Енді бағамдай беруге болады, ҚазҰУ студенттерінің төрт жыл ішінде оқуға тиіс «100 кітап» жобасы – студент жастардың рухани дамуға жасаған осы бір игілікті қадамы жастарымызға, еліміздің дамуына, қоғамымыздың рухани баюына қаншалықты серпін беріп, оңды әсерін беретініне қандай мақтау айтып, қандай қолдау білдірсек те жарасады деп ойлаймын. Бұл – тек ҚазҰУ-мен ғана шектелмей, мемлекеттік тұрғыда қолға алынатын шаруа. Әрбір үлкенді-кішілі жоғары оқу орындары, мектептер де жағдайға қарай зерделеп жаппай қолданысқа енгізетін, ұлтты жарқын болашаққа бастар игі бастамалардың бірі деп есептеймін.

игілікті бастамалардың бастаушысы, жаршысы, жанашыры, қамқоры болып жүретін ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтанұлының еңбегін ерекше атап өткім келеді. Ол кісінің Қазақстандағы маңдай алды оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін білім жағынан өте жоғары деңгейге көтеріп, білікті мамандар даярлайтын айтулы білім ордасына айландырып қана қоймай, студент жастардың өз халқының тарихи тамырымен жалғасып, рухани қазынасынан мольна сусындауына жағдай жасауы. Франсит Ришардың жоғарыда айтқан төртінші толқынына қарсы жасаған көреген басшылық, үлкен білімпаздық, ата-баба аманатын арқалаған таза тектіліктің игі қадамы деп есептеймін. Ол кісінің «100 кітап» жобасына арналған жиналыста сөйлеген сөзінен келтірілген мына үзінді сөзімнің дәлелі болғай: «Әрқайсымыз өзімізді-өзіміз дамытайық. Біздің бағыт алар алтын қазығымыз – Алаш арыстары. Олар материалдық құндылықты ешқашан алдыңғы орынға қойған емес. Ірі тұлғалардың арасында байдың да балалары болды. Бірақ ешқайсысы байлыққа қызыққан жоқ. Біз осы ұлыларымызға қарап бой түзесек, олардан кем болмаймыз. Ұлтымыз үшін ұялмауымыз керек, керісінше мақтанатын дәрежедеміз».

ҚазҰУ-дың қолға алған игі бастамаларының тағы бірі – «Айналанды нұрландыр» жобасы. Осы жоба аясында студенттер мен оқытушылар кейде қарттар үйіне, жетімдер үйіне барып, ол кісілердің қал-жағдайларымен танысып қайтады. Жастардың қарт ата-әжелердің, тастанды күнәсіз жас сәбилердің қонырқай өмірін көріп жүректеріне мейірім шуағы оянып, көздеріне жас алып, өмір сүрудің жауапкершілігі мен дұрыс адам болудың қаншалықты маңызды екенін сезініп, өздерінің ата-аналарының аяулы алақанында армансыз өсіп, ер жетіп келе жатқандарына тауба келтіріп, қартайған ата-аналарын өздерін қалай алақанғасалып өсірсе, өздері де кейін ата-анасын сондай қамқорлыққа алу керектігін түсінгенін көргенде іштей өзін де бақытқа бөленесін. Осы ретте осындай ұлтымыздың рухани дамуына, жастарымыздың өз тамырынан нәр алып өсуіне байланысты көптеген

Ұлтқа қызмет ету, туған халқына, қасиетті жеріне деген адалдық, ұрпақ алдындағы жауапкершілік – бәрі де осындай қарапайым әрі қасиетті істер арқылы бастау алып, одан ары өркен жайып, тарихтан сабақ алып, болашаққа үлкен үмітпен аяқ бассақ, Елбасымыз атап өткен дамыған 30 елдің қатарынан ойып тұрып орын алып, әлемдік озық ұлттардың қатарынан көрінетінімізге кәміл сенемін. Сөз соңын халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің мына сөзімен аяқтағым келеді: «Бұл дәуірде өз елін, әдебиетін білмеген, оны қадірлемеген адамды – толық мәнді интеллигент деуге болмайды. Себебі, ол қандайлық мамандық иесі болғанымен, рухани сыңар жақ болып келеді», – деген екен.

**Н. ШАРЫПҚАЗЫ,**

шығыстану факультеті  
қытайтану кафедрасының оқытушысы

Жалпы бір формациядан екінші формацияға өткенде рухани дүниеде тоқырау болатыны сияқты, кеңестік жүйеден шыққан бізде де сондай рухани дүниедеміз, рухани дүниеге көзқарас азайып, материалдық құндылықтар алға шығып кетті. Яғни, заманның өзгеруімен қатар құндылықтар туралы адмдардың көзқарасы мен дүние-танымы да өзгерді. Әсіресе, егемендік алған жылдардан бергі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың рухани сана сезімінің қалыптасу барысында жоғарыда ғалымның атап өткен үшінші толқын әсері қатты сезілуде. Ғаламдық ақпарат алысудағы жылдамдық, теледидар, компьютер, интернет жастар үшін бүгінгі күннің басты құндылығы, заман талабы, қоғамдық қажеттілік ретінде ерікті, еріксіз бірінші орынға шығуда. Жана технологиялардың көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан шаңына ілесеміз деп адамзат өзінің қайда бара жатқанын білмейді. Жер планетасының ең дамыған, ең өркениетті деген батыс Еуропа мен Америка сияқты алпауыттар, технология дауының шыңына жеткенімен, рухани құлдыраудың түбіне жеткенін енді сезініп, түсінуде. Біздің қоғамның жастары да осы батыстың жалаң, ашық-шашық мәдениеті мен жалған демократиясының құрбанына айналуға. Мойындаймыз, қазіргі қоғам адамдары жана технологиясыз, ақпаратсыз, инетернет, компьютерсіз өмір сүру мүмкін болмай отыр. Сонда өркениетке жету деген өткенінді ұмытып, өзіңнен-өзің жеру деген сөз емес шығар?! Енді жоғарыда ғалымның атап өткен төртінші

толқын кезеңіне дөп келгендейміз. Жана технологиямен қатар рухани жағынан қоса даму құстың екі қанаты сияқты теңдік орнатып, әлем кеңістігінің көк аспанына шығаратын жалғыз жол деп қарайтын кез жеткен сияқты. Франсит Ришар атап өткен рухани құндылықтар ішінен рухани әлемімізге ең басты ықпал етер құрал ретінде бірінші кезекте мен кітап оқуды айтар едім. Біздің болашағымыз – жастар, қазіргі жастар компьютердің тілін беске білер, бірақ кітап тілін біледі деп сеніммен айта алмаймыз.

Бір көңіл қуантарлығы Франсит Ришардың айтқан төртінші толқынын алдын ала сезіп, дер кезінде жастардың санасын сәулелендіріп, рухани әлемін байытуға бел шеше кірісіп, нақтылы қадамдар жасап отырған өте сәтті жобалардың бірі – ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлының бастамасымен қолға алынған «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы. Осы жоба аясында, жақында ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті, қытайтану кафедрасының ұйымдастыруымен халқымыздың аяулы ақын қызы Фариза Оңғарсынова апамыздың шығармашылығына арналған іс-шара өтті. Іс-шараға кафедра оқытушыларымен қатар магистранттар, студенттер қатысты. Іс-шара барысында ақын өмірбаяны, жүріп өткен жолдары тыңдаушы қауымға таныстырылып, ақынның өлеңдерінен жыр-шумақтары тыңдалды. Студенттер және ақынның көзін көрген адамдар ақын туралы естеліктер айтты. Бір сағаттан астам өткен іс-шарадан өте жақсы әсер алып тарқастық. Әсіресе, Фариза апамыздың шығармасымен

**Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімнің ұйымдастыруымен**

**«24 сағатта көшбасшы болудың жолдары» атты көшбасшылар мектебінің семинар-тренингі өтті**

# ВСТРЕЧА С ПИСАТЕЛЕМ

**В КазНУ им. аль-Фараби на факультете журналистики состоялась встреча с писателем, автором книг о жизни Чокана Валиханова - Исмаилжаном Иминовым, а также презентация новой книги «Путешествие по Алтышару» в рамках проекта «Айналанды нұрландыр».**

и эмоциональными впечатлениями, в которых он предстаёт верным и любящим сыном уйгурского народа, предоставив читателю познавательный исторический материал и картины жизни нынешних кашгарских городов и их обитателей. Необходимо заметить, что почти весь материал этой книги опубликовал один из самых авторитетных и признанных казахстанских журналов – «МЫСЛЬ», руководимый мэтром казахстанской журналистики и писателем С. Куттыкадамом, что само по себе уже является признанием. Любознательный, чистый сердцем читатель откликнется на эту книгу.

Исмаилжан Абдыкадырович Иминов родился 12 июня 1959 года в посёлке Фабричный (ныне - село Каргалы) Жамбылского района Алматинской области. В 1978 году поступил на филологический факультет КазГУ. Долгие годы являлся директором Каргалинской средней школы №1, в которой когда-то начинал свой трудовой путь. В пятьдесят лет, с 2009 года, начал писать художественные и автобиографические

рассказы, путевые заметки, очерки, эссе, сказки, публицистические и научно-популярные статьи. Активно печатается в уйгурских, казахских и русскоязычных СМИ Казахстана: постоянный автор журналов «Мысль» и «Мир путешествий», газеты «Уйгур авазы». В 2014 году был научным руководителем экспедиции Казахстанского географического общества в Кашгарию (СУАР КНР) «По караванному пути Ч. Валиханова».

Автор книг «Моя Кашгария» (2014 г.), «Родники моего детства» (2014 г.), «По караванному пути великого Чокана» (2015 г.), «В Туве, где предков древний род...» (2016г.). Его книги переведены на казахский, уйгурский и английский языки.

**С.К.КОЗЫБАЕВ,**

*д.истор. н., профессор кафедры печати и электронных СМИ*

**Н.П.САПАРХОДЖАЕВА,**

*зам. зав. по научно-инновационной работе и международному сотрудничеству кафедры печати и электронных СМИ*

Так быстро пролетел очередной учебный год и вот совсем скоро начнется сессия: экзамены, баллы, от которых зависит, будет ли студент получать стипендию или нет? Некоторые ответственные студенты, которые весь учебный год честно посещали и активно работали на занятиях, вовремя сдавали «рубешки» и «медтерм» и получали приличные баллы, уже сейчас готовы к достойной сдаче сессии.

## Еще раз про сессию

Но не секрет, что, к сожалению, есть в наших рядах и такие студенты, которые жили, как поется в песенке «от сессии до сессии живут студенты весело». Как раз для таких студентов экзаменационные аудитории оборудованы видеокамерами.

А вот как обстоят дела со сдачей сессии в Американских вузах. Особый интерес вызывает в американских вузах, описанная в работе А.Е. Штокмана и Е.А. Штокмана система, по которой происходит сдача письменных экзаменов в некоторых американских вузах, например, в Принстонском университете. Система носит название «система чести». Студенты берут на себя полную ответственность за честное отношение к экзаменам. Преподаватель не контролирует самостоятельности выполнения работы. Он лишь раздает экзаменационные листы, отвечает на возникшие вопросы и покидает аудиторию. Он возвращается после окончания времени, отведенного для ответов на вопросы, и собирает у студентов работы. Студенты, подписывая работу, делают приписку: «Клянусь своей честью, что во время экзамена я не нарушил Кодекса чести».

В Стэнфордском университете существует «кодекс чести», обязательства принимаются студентами при поступлении в университет. По словам студентов из России, окончивших этот университет, студенты, в основном, не списывают и без Кодекса чести. В одном из университетов провели анкету, на вопрос: «Поможете ли вы другу на экзамене?» американцы дали примерно такой ответ: «Зачем? Он сам всё сумеет». Вообще же несамостоятельное выполнение работ опасно. Студента могут строго наказать, вплоть до исключения из вуза. Преподаватели из России, побывавшие на стажировке в американском вузе, обратили внимание на характерные моменты в учебном процессе американских вузов. Прежде всего, это главный принцип американского обучения: «Не учить студента, а помочь ему учиться самостоятельно».

**Г.К. ДОСЫБАЕВА,**

*и.о. доцента кафедры дипломатического перевода*

## Красота, грация и здоровье

**Аэробика, наверное, самый излюбленный вид физической нагрузки для представительниц прекрасного пола. Сегодня в Казахстане многие учебные заведения открывают секцию аэробики, с целью привлечь молодежь к данному виду спорта. Вот и у нас в университете студенты любят посещать уроки аэробики.**

Совсем недавно в спорткомплексе университета прошел праздник «Красоты, грации и здоровья». Соревнования проводились по 4 номинациям: степ-аэробика, зумба-латина, современные и народные танцы.

Всего в соревнованиях приняло участие 26 команд из 300-х человек. Судьями выступили представители ассоциации фитнес-аэробики г. Алматы.

Победители и призеры были награждены грамотами, дипломами и подарками. В номинации степ-аэробика команда «Инфайт» механико-математического факультета получила первое место, а команда «Экономикс» ВШЭИБ заняла второе место. А в номинации «Зумба-латина» призерами первого места стала команда «Куба» факультета международных отношений, второе место заняла команда «Blaze» факультета философии и политологии, а третье место получила команда «Интрига» того же факультета. В номинации «Современные танцы», первое место было отдано команде «Bright» факультета географии и природопользования, второе место заняла команда «Quick silver» факультета химии и химической технологии, а призерами третьего места стали участницы команды «FLnw less» ВШЭИБ. В последней номинации «Народные танцы» команда «Пламя» факультета философии и политологии получила второе место, а обладателями первого места стали участницы команды «Томирис» факультета химии и химической технологии.

**О. П. ЛАРИОНОВА,**

*ст. преподаватель кафедры физического воспитания и спорта*

## Фотозвіт



*Досжан Балабекулы (фото)*

## КӘСІБИ БАҒДАР

**ҚазҰУ-дың журналистика факультеті «Талапкер» орталығымен бірлесе отырып кәсіби бағдар беру мақсатында Наурызбай ауданының мектеп бітіруші түлектерімен кездесті. Оған журналистика факультетінің деканы С. Медеубек, оқытушылар – М. Арғынбаева, Б. Серікбай, К. Мамырова, Ә. Әлім, Н. Данаевалар қатысып, оқушыларға университет жетістіктері жайлы мол мағлұмат берді.**

Алғашқы болып сөз кезегін алған факультет деканы С. Медеубек: «Бүгін сіздермен жүздесіп отырғанымызға қуаныштымыз. Біз сіздердей талантты да талапты балаларды еліміздің жетекші оқу ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті болуға шақырамыз! – деді. Өз кезегінде аға оқытушы Б.Серікбайұлы «Дизайн» мамандығының жанадан ашылғанын, үлкен сұранысқа ие екендігін айтты. Сонымен қатар факультет оқытушылары қоғамда сұранысқа ие мамандықтар қатарында «Қоғаммен байланыс» мамандығын да атап, артықшылықтарын тізбелеп берді. Бүгінгі таңда барлық мемлекеттік мекемелерде, белді компанияларда қоғаммен байланыс бөлімі ашылып жатыр. Ал оларда қызмет ететін мамандар тапшылығы сезілуде, – деді олар. Докторант Н. Данаева оқушыларды жыл сайын өтетін «Болашақ баспагер-редактор» байқауына қатысуға үндеді.

Сондай-ақ «Талапкер» кәсіби бағдар беру орталығының маманы С.Н. Ақанова университет факультеттері мен мамандықтары жайлы ақпарат беретін кітапшаны тарата отырып, туындаған сұрақтарға жауап берді.

Кездесу барысында мектеп оқушылары мамандық таңдауға байланысты өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына жан-жақты жауап алды. Қызықты сұрақ қойған оқушыларға ескерткіш сыйлықтар табыс етіліп, естелікке суретке түсті. Осындай мазмұнды кездесу ұйымдастыруға үлес қосқаны үшін Наурызбай ауданы мектептерінің бітіруші түлектерін бір жерге жинаған №188 мектеп директоры Базаргүл Мұхтарқызы Мәуленоваға алғыс айта отырып, қызметте табыс тілейміз.

**Күлайым МАМЫРОВА,**

*журналистика факультетінің аға оқытушысы*

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел: 2-93-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 1000 дана**  
**Тапсырыс: №309**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.